



АСЫЛХАНҰЛЫ

Бакберген

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының
жанындағы Құқық қорғау органдары академиясының
магистранты



АВГУСТХАН

Сырым Августханұлы

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының
жанындағы Құқық қорғау органдары академиясы
Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру институты
Арнайы заң пәндері кафедрасының
аға оқытушысы

ОН АЛТЫ ЖАСҚА ТОЛМАҒАН АДАММЕН ЖЫНЫСТЫҚ ҚАТЫНАС НЕМЕСЕ СЕКСУАЛДЫҚ СИПАТТАҒЫ ӨЗГЕ ДЕ ӘРЕКЕТТЕР ЖАСАУДЫҢ ҚЫЛЫМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ СИПАТТАМАСЫ

Кез келген өркениетті мемлекет өскелең ұрпақтың денсаулығын сақтауды, олардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуді ерекше қамқорлыққа алады.

Соның ішінде, қазіргі кезде кәмелеттік жасқа толмағандардың жыныстық тиіспеушілігімен байланысты кездесетін заңға қайшы, қоғамға қауіпті іс-әрекеттерге қарсы күрестің маңызы зор.


Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2019 жылғы 2 қыркүйектегі Қазақстан халқына «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Жолдауында Парламентке және Үкіметке жыныстық зорлық-зомбылық, педофилия, есірткі тарату, адам саудасы, әйелдерге қарсы тұрмыстық зорлық-зомбылық және жеке адамға, әсіресе балаларға қарсы басқа да ауыр қылмыстар үшін жазаны қатаңдату жөнінде шаралар қабылдауды тапсырды [1].

Кәмелетке толмағандарға қатысты жыныстық қол сұғылушылық және жыныстық бостандығына қарсы қылмыстар жеке адамға қарсы жол берілмейтін, қауіпті қылмыстарға жатады. Осындай қоғамдық қауіпті әрекеттер үшін Қазақстан Республикасы қылмыстық кодексі (әрі қарай – ҚР ҚК) 122 бабында он алты жасқа толмаған адаммен жыныстық қатынас немесе сексуалдық сипаттағы өзге де әрекеттер үшін қылмыстық жауаптылық қарастырған. Яғни, көрінеу он алты жасқа толмаған адаммен жыныстық қатынас, еркек пен еркектің жыныстық қатынасын, әйел мен әйелдің жыныстық қатынасын немесе сексуалдық сипаттағы өзге де әрекеттер жасау. Бұл қылмыстың қоғамдық қауіптілігі жыныстық өмір саласына мерзімінен бұрын ену, ол кәмелетке толмағандардың денсаулығы мен моральдық дамуына теріс әсер ететіндігімен түсіндіріледі.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратура жанындағы құқықтық статистика және арнайы есепке алу Комитетінің (әрі қарай – ҚРБПҚСЖАЕАК) мәліметі бойынша ҚР ҚК 122 бабы он алты жасқа толмаған адаммен жыныстық қатынас немесе сексуалдық сипаттағы өзге де әрекеттер сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімінде (әрі қарай – СДТБТ) 2015 жылдан 2020 жылдары аралығында тіркелгендігі санын, төмендегі 1 диаграммадан байқауға болады [2].

Келтірілген диаграммадан 2015 жылы қылмыстардың көп тіркелгендігін, одан кейінгі жылдары төмендеп, дегенмен 2018 жылы қылмыстардың қайта көп тіркелгенін көреміз.

1 диаграмма



Қарастырылып отырған қылмыстың объектісі – 16 жасқа толмаған адамдардың жыныстық қол сұғылмаушылығы, моральдық және физикалық денсаулығы болып табылады. Екі жыныстағы адамдар да осы қылмыстан зардап шегуі мүмкін: ұлдар-еркектерден, қыздар-қыздармен, яғни, бір жыныстылық қатынастар. Осы кезде факультативті объектісі ретінде 16 жасқа толмағанның денсаулығы – яғни, жыныстық мүшелерінің толық жетілмеуі салдарынан жәбірленушінің денсаулығына зиян келуі мүмкін.

Объективті жағы жыныстық сипаттағы келесі әрекеттерді қамтиды: ерікті жыныстық қатынас, еркек пен еркектің арасындағы жыныстық қатынас, әйел мен әйелдің арасындағы жыныстық қатынас, көрінеу 16 жасқа толмаған адам жасалған сексуалдық сипаттағы өзге де әрекеттер.

Еріктілік – бұл қылмысты зорлау мен сексуалдық сипаттағы зорлық-зомбылық әрекеттерінен ажырататын маңызды белгі (ҚР ҚК 120, 121-баптары). Яғни, еріктілік кезінде жыныстық қатынасқа түскен 16 алты жасқа толмаған жәбірленуші жыныстық қатынасқа түсуге қандай да бір физикалық күш көрсету немесе психикалық, қорқыту, күш көрсету салдарынан емес, өзінің ерікті, саналы қалауымен болады.

Сонымен қатар, он алты жасқа толмаған адаммен жыныстық қатынас немесе сексуалдық сипаттағы өзге де әрекеттер жасағаны үшін қылмыстық жауаптылық, жыныстық қатынас еркек пен еркектің жыныстық қатынасы, әйел мен әйелдің жыныстық қатынасы немесе азғындық әрекеттер күш қолданылмай немесе оны қолданамын деп қорқытпай немесе жәбірленуші адамның дәрменсіз күйін пайдаланбай жасалған жағдайларда туындайды, деп зорлау және өзге де сексуалдық сипаттағы зорлық-зомбылық әрекеттермен байланысты қылмыстарды саралаудың кейбір мәселелері туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының қаулысында айқындалған [3].

Сексуалды сипаттағы өзге де әрекеттер дегеніміз – әйел немесе еркек жынысты адамға табиғи емес нысанда жасалған жыныстық құштарлықты қанағаттандыруды (еркек пен еркектің жыныстық қатынасы, әйел мен әйелдің жыныстық қатынасы және т.с.с.) өзге сексуалдық сипаттағы зорлық-зомбылық әрекеттер деп түсіну керек [3].

Қарастырылып отырған қылмыс ҚР ҚК 122-бабының диспозициясында көрсетілген кез келген жыныстық әрекеттер басталған сәттен бастап аяқталған болып саналады.

Субъективті жағы тікелей ниеттің болуымен сипатталады. Кінәлі адам 16 жасқа толмаған адаммен 122 баптың диспозициясында көрсетілген жыныстық әрекеттерді жасайтынын түсінеді және мұны қалайды. Жәбірленушінің 16 жасқа толмағанын алдын ала

біледі, біле тұра жыныстық қатынасқа ерікті түрде түседі.

Субъектісі – 16 жасқа толған есі дұрыс ер адамдар да, әйел адамдар да болуы мүмкін.

Он алты жасқа толмаған адаммен жыныстық қатынас немесе сексуалдық сипаттағы өзге де әрекеттер жасағаны үшін, сол сияқты жас балаға қатысты азғындық әрекеттер жасағаны үшін (ҚК-нің 122, және 124-баптары) қылмыстық жауаптылық, жыныстық қатынас еркек пен еркектің жыныстық қатынасы, әйел мен әйелдің жыныстық қатынасы немесе азғындық әрекеттер күш қолданылмай немесе оны қолданамын деп қорқытпай немесе жәбірленуші адамның дәрменсіз күйін пайдаланбай жасалған жағдайларда туындайды.

Бұл қылмысты саралаған кезде жәбірленушіні екі белгімен сипатталады, яғни, ол медициналық тұрғыдан қарағанда жәбірленушінің жыныстық жетілмеуі, ал, екінші белгісі жасына байланысты, яғни 16 жасқа толмағаны. Жыныстық жетілу дегенімізді қылмыстық заңнамада – әйелдің жыныстық жетілуі деп оның бала тууға дейінгі организмінің толық жетілуі деп түсіндіреді.

Медициналық критерийдің басты кемшілігі-белгілі бір уақыттан кейін қылмыс жасаған кезде жәбірленуші адамның жыныстық жетілу болғанын немесе болмағанын дәл анықтау мүмкін еместігі, немесе жәбірленушінің қаншалықты психикалық дамуы дұрыс, ол жыныстық қатынасқа түскен уақытта оның өз іс әрекетіне қаншалықты саналы түрде баға бере алғандығын анықтау қиыншылық тудырады.

Аталған бапты саралау барысында шетел мемлекеттері тәжірибесінде, қылмыстық объектісі ретінде жеке адамның денсаулығын, өмірін алатын болса, кейбір еуропа мемлекеттері жеке адамның жыныстық жетілуін қылмыстың объектісі ретінде қарастырады. Мысалы, Турция мемлекеті осы қылмыстың объектісі ретінде ең бірінші адамның өмірі мен денсаулығына зиян келеді деп есептейді, себебі бұл мемлекетте «жыныстық жетілу» дегенді сексуалдық әдепсіздік деп танып, бұндай ұғымның болуы халықтың әдеп нормаларына қарсы деп біледі. Әлемдік қылмыстық заңнамада аталған баптың объектісіне қатысты біркелкілік жоқ. Себебі, қылмыстық кодекстің ерекше бөлігінде бірінші сатылы қылмыс түрлері ретінде, яғни тектік объектіні құрайтындар Австрия, Аргентина, Германия, Дания мемлекеттері, ал екінші сатылы түрлік объект ретінде ТМД мемлекеттерінің басым көпшілігі, ал, үшінші сатысы топтық объект ретінде Франция мемлекеті қылмыстық заңнамасы жатқызады.

ҚР ҚК 122 бабы 2 бөлігіне сәйкес саралау белгісі ретінде - он алты жасқа толмаған адамға қатысты ата-анасы, өгей әкесі, өгей шешесі, педагог не оны тәрбиелеу жөніндегі міндеттер Қазақстан Республикасының заңымен жүктелген өзге адам жасаған дәл сол іс-әрекеттер. Аталған саралау белігісін Ресей федерациясы қылмыстық кодексінде тек ауырлататын мән жайлар ретінде қарастырып, саларау белгісі ретінде санамайды.

ҚР ҚК 122 бабы 3 бөлігі 1 тармағында бірнеше рет саралау белгісі – егер бірнеше рет жасау қылмыстық-құқықтық нормада саралаушы белгі ретінде көрсетілсе, онда белгілі бір адамның бірнеше ұқсас қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауы осы қылмыстық құқық бұзушылықты бірнеше рет жасағаны үшін жауаптылық көздейтін ҚК тиісті бабы (бабының бөлігі) бойынша тұтастай саралауға жатады.

Қылмыстық құқық бұзушылықтың бірнеше рет жасалуын тек ұқсас қылмыстық құқық бұзушылықтар құрайды. Сондықтан бірнеше біртектес қылмыстық құқық бұзушылықтарды жасау қылмыстық құқық бұзушылықтарды бірнеше рет жасау ретінде танылмайды және қылмыстық құқық бұзушылықтардың жиынтығы ретінде саралануға жатады.

Ресей Федерациясы қылмыстық кодексінде (әрі қарай – РФ ҚК) 14 жасқа толған бірақ 16 жасқа толмаған тұлғамен жыныстық қатынасқа түскен кінәлі тұлға сот шешімімен жауаптан босатылады, егер, кінәлі осындай әрекетін бірінші рет жасаған болса, және бұл іс әрекеттің қоғамдық қауіптілігі жойылған болса, яғни, олар заңды түрде некеге отырған жағдайда [4].

Сонымен қатар, РФ ҚК 134 бабы 3 бөлігі жәбірленушінің жас мөлшерінің төменгі шегін нақты көрсетеді, яғни 12 жасқа толған бірақ, 16 жасқа толмаған адаммен жыныстық қатынас немесе сексуалдық сипаттағы өзге де әрекеттер жасағаны үшін қылмыстық

жауаптылық белгілейді.

Жоғарыда баяндалғандардың негізінде қорытындылай келе ҚР ҚК 122 бабына да, РФ ҚК тәжірибесі негізінде және жас балалардың, жасөспірімдердің қарастырылып жатқан баптың диспозициясында көрсетілген іс-әрекеттерді өздерінің физиологиялық жас мөлшеріне қарай түсіне бермейтіндігін ескере отырып, төменгі жас мөлшерін нақты көрсетіп, өзгеріс енгізу керек деген ойдамыз.

Қорытындылай келе, ҚР ҚК 122 бабында көрсетілген он алты жасқа толмаған адаммен жыныстық қатынас немесе сексуалдық сипаттағы өзге де әрекеттерге қылмыстық құқықтық сипаттама жасалып, оның сарлау белгілеріне жеке жеке талдау жасалынды. Аталған талдау жасау барысында шет ел тәжірибесімен салыстырмалы талдау жасалынды.

Әдебиет

1. Қасым-Жомарт Тоқаев. 2019 ж. 2 қыркүйектегі Мемлекет Басшысының Қазақстан халқына Жолдауы. «Сындарлы қоғамдық диалог-Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі». // www.akorda.kz/kz/events/memleket-basshysynyn-kazakstan-halkyna-joldayu

2. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің ақпараты // <https://qamqor.gov.kz/portal/page/portal/POPageGroup/Services/Pravstat>

3. «Зорлау және өзге де сексуалдық сипаттағы зорлық-зомбылық әрекеттермен байланысты қылмыстарды саралаудың кейбір мәселелері туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2007 жылғы 11 мамырдағы N4 Нормативтік қаулысы», «Әділет» АҚЖ. adilet.zan.kz/ka

4. 1996 жылғы 13 маусымдағы Ресей Федерациясы Қылмыстық кодексі. Электрондық ресурс: <http://www.consultant.ru/>